




Корпоративтік басылым

№ 1 (2025 ж. сәуір)

МЕЖРЕГИОН-ЭНЕРГОТРАНЗИТ

НӨМІРДІҢ ТАҚЫРЫБЫ

Наурыз: көктем, достық пен палау бәрімізді біріктірді



Суретте: мереке жүргізушілері А.В. Маневич және Д. Жусупова

Наурыз-жыл мезгілдерінің өзгеруі ғана емес, бұл жаңару, бірлік пен жаңа үміт мерекесі. Оның тамыры ежелгі дәуірден бастау алады, ал бүгін, ғасырлар өткен соң, бұл күн шығыс күнтізбесі бойынша жаңа жылдың басталуының символы болып қала береді. Қазақстанда Наурыз айы ерекше ауқымда атап өтіледі: дәстүрлі тағамдармен, әндермен, билермен және спорттық жарыстармен. Бұл адамдар жиналып жүректерінің жылуын бөлісетін, уайымдарын ұмытатын уақыт. «Межрегионэнерготранзит» ЖШС — де Наурыз - күнтізбедегі жәй күн ғана емес, командалық рухтың, көңілділіктің және әдет-ғұрыптарды құрметтеудің ауқымды жыл сайынғы рәсімі, ол ба-

яғыдан жай ғана мереке емес, ұжымды біріктіретін игі дәстүрге айналды.

Биылғы жылғы мереке ауа-райының тосынсыйларына қарамастан жылы атмосферада өтті. Көктем әзіл-қалжыңға бел буып, күн сәулесін салқын желге ауыстырды. Егер біздің киіз үйімізде дастархан жайылған болса, әріптестеріміз бір-бірін камзолдарда, шапандарда және ұлттық бас киімдерде қарсы алса, ал ауа шығыс тағамдарының хош иістері мен ұлттық әуендердің дыбыстарына толы болса, табиғаттың бір-екі қыңырлығына байланысты мерекені кім тоқтатады?

Мереке салтанатты сөз сөйлеуден басталды. Бас директор Владимир Анатольевич Кан ме-

рекені мәдениетке деген құрмет пен командаға алғыс білдіретін сөздермен бастады:

«Наурыз-бұл жай ғана дәстүр емес, бұл бастаудың символы. Бізге қайта жиналуға көмектескендердің барлығына рахмет. Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Қайда барса жол болсын! Наурыз құтты болсын!»

Биден құдалыққа дейін: келесі тұлғалар мен рөлдердегі мереке

Шақырылған әртістер - «Орда» шоу-балеті — мерекенің қарқынын әсем етіп көктемгі көңіл күй сыйлады.

Содан кейін-нағыз мәдени марафон басталды.

Жалғасы - 2 бетте



Суретте: қызметтер мен бөлімдердің қызметкерлері құдалық рәсімін көрсетуде

Қыдыр-ата барлығына жақсы, терең мағыналы сөздермен батасын берді және жиналған жұртшылық бір минутқа құрметпен тыныштық сақтады. Содан кейін көңілді іс-шара басталды.

«МРЭТ»-те ҚДО әдіскері Жанат Мухутдинованың ұлы Таир жақсы таныс (мүмкін біздің болашақ бас инженеріміз) ол көрермендерді домбырада шебер ойнаумен таң қалдырды-бұл дыбыстардың сиқырын бұзбау үшін ешкім дем алмаған сияқты.

Әр түрлі қызметтер мен бөлімдер ұсынған құдалық рәсімі –халықтық комедияны еске түсірді: құдалармен келген автомобиль, мол шашу, нәзік-сұлу-қалыңдық және сүйкімді күйеу бала, басшының көмекшісі Айзат Байсақалова сомдаған күйеу жігіттің қатал, бірақ харизматикалық анасы да болды.

Біздің қызметкерлер арасында жасырын таланттар көп деп кім ойлаған,соның бір дәлелі бухгалтер Елена Лещук қойған би, бәрін таң қалдырып қошеметке ие болып.

ДТБҚҚ қызметкерлері «Чумачечая веснаны» орындады — және бәрі таныс әнді қосыла айтты.

РҚФҚҚ қызметі қонақ-жайлылық туралы аңызды терең мағынамен және күтпеген жерден әсерлі аяқтаумен қайта жаңартып көрсетті. Бұл нөмір тәттілер таратусыз болған жоқ, қонақтарға ұлттық тағамдар

ұсынылды, ал көлік жүргізуші Ербол Хасенов домбыраның сүйемелдеуімен біздің генетикалық жадымызды оятатын ән шырқады.

Осыдан кейін «Межреги-

онэнерготранзит» ЖШС-нің кішкентай қонақтары үшін панда және жасыл айдаһар аниматорлары өнер көрсетті. Панда қонақтарды балалардың қызығушылығымен құшақтады, ал айдаһар ең батыл көрермендермен бірге би шайқастарын ұйымдастырды.

Кім билемейді-ол арқан тартады

Көктем өмірге тамшы мен күн сәулесімен ғана емес, сонымен қатар жаңа палаудың иісімен, домбыраның шырылдауымен және спорттық толқумен де енеді. Шабыттандыратын мәдени бөліктен кейін адреналиннің кезегі келді. Спорттық жарыстар дәстүрлі түрде мерекенің жеке тарауы болып табылады.

Арқан тарту титандардың нағыз шайқасының аланына айналды: РҚАҚҚҚ қызметі тұрақты көшбасшылардан күзетшілерден жеңісті жұлып алды. Алайда, күрес драмалық сәттерсіз болған жоқ. Мысалы, ЭБЖҚ және



Суретте: Ербол Хасенов гирді 60 рет көтерді

ҚСҚ қызметкерлерінен құралған командаға толыққанды команда үшін бір адам жетіспеді, ал бас директор Владимир Анатольевич Кан бір кездері осы қызметте жұмыс істегенін есіне алып, шетте қала алмады, ол командаға қосылып, оларға көмектесуге шешім қабылдады. Оның көмегімен БКЖ бірінші раундта жеңіске жетіп, жарыстың қызығын арттырды.

Владимир Анатольевич жүлдегерлерді марапаттау кезінде: «Релейшіктерге жұмыстан кешігпеген жөн – күзет қызметті енді кекшіл!» – деп қалжыңдады.

Пневматикалық винтовкадан ату ең дәлді анықтады: бірінші орын Қостанай ЖӨБ электр монтері Андрей Мельникке, екінші орын механикаландыру қызметінің жол қауіпсіздігі және экология инженері Әзірхан Қожахметовке, үшінші орын келісімшарт бөлімінің заңгері Томирис Шаловаға бұйырды, ол жарыстың барлық түрлерінен жүлделі орын алған жалғыз қыз



Суретте: бас директор Владимир Анатольевич Кан ЭЖҚ және ҚСҚ қызметтеріне көмекке келді

болды.

Сырыққа өрмелеу – жай жарыс емес, жеке өнер түрі. Қатысушылар көп болды, бірақ бағананың басына екі бақытты адам ғана жетті. Мұнда тек мықтылар ғана емес, көрермендердің қол-

дауына ие болғандар да жеңіске жетті, өйткені көрермендер қатысушыларды биікке көтерді. Екі жеңімпаздың бірі – Қостанай ЖӨБ бастығының орынбасары Тимур Самаров әріптестерінің қызу қолдауымен барлық қиындықтарды жеңіп, тұғырды бағындырды. Ал екінші жеңімпаз, кран машинисі Александр Лысков бастығы Талғат Дүйсенұлы Аршабаевтың ыстық қолдауымен бағанаға екі рет көтерілді! Жарыс соңында бағанда алынбаған сыйлықтар қалды, сондықтан «Межрегионэнерготранзит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің барлық қызметкерлері келесі Наурыз мейрамына дейін өрмелеу шеберліктерін шыңдаулары қажет.

Гир көтеру домбыра мен гирдің үйлесімді екенін көрсетті: жеңімпаз, көлік жүргізуші Ербол Хасенов мұнда да жеңімпаз болды (еске салайық, ол РҚФҚК қызметінің көрінісінде өзінің музыкалық өнерімен көрермендерді тәнті еткен). Екінші және үшінші орындарды сәйкесінше ДТБҚК инженері Арыстан Галиханов пен Қостанай ЖӨБ бастығының орынбасары Тимур Самаров иеленді.

Жас өнерпаздар мен үлкендердің құрметі

Үлкендер жарысып жатса, балалар көктемнің суретін салды. Балалар сурет байқауы сәтті өтті, ешкім сыйлықсыз қалмады, ал ең кішкентай қатысушы қосымша арнайы сыйлық алды – жасына емес, сүйкімділігі үшін.

Жалғасы – 4 бетте



Суретте: Александр Лысков бағанды екі рет бағындырды

Музыкалық нөмерлер мереке аяқталуға жақын оралды. Та-ирдан домбырада «Седая ночь» ойналып, ЕҚСЖАҚ бөлімінің бастығы Артем Валерьевич Маневичтің орындауында «Музыка» шырқалып, мереке өзінің дәмді шарықтау шегіне жақындады.

Және де, әрине, марапаттар: өйткені қаһармандар қызу қошеметке лайық

Содан кейін мерекенің ең жақсы бөлігі келді: жеңімпаздарға сертификаттар, сыйлықтар, мерекені дайындауға белсенді қатысқан қызметкерлерге сыйлықтар: күзет қызметінің бастығы Исмурастов Мү-

рат Борисович және азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Байкенов Азамат Алматұлы, іс-шараның тамаша жүргізушісі заң бөлімі бастығының орынбасары Жусупова Дамеля және жүргізушіге ЕҚСЖАҚ бөлімінің бастығына Маневич Артем Валерьевичқа қамшы – (жұмыскерлеріңіз бо-сансып кетпесің!) іс-шара ұйымдастырушыларынан бастап әртістерге дейін алғыс айтылды. Әрқайсыларыңыз «Межрегионэнерготранзит» ЖШС-дегі Наурыз» деп аталатын үлкен іс-шараның бір бөлігі болдыңыздар.

Сосын – кәуап, бауырсақ, па-лау. Ауада оттың түтіні, көктем мен тағамның хош иісі шығып тұрды. Үстелдерде күлкі, әңгіме, естеліктер мен армандар. Әріп-тестер, достар, отбасы жылылық пен қуаныш атмосферасында барлығы осы жерде.

Біздің компанияда Наурыз жай ғана көктем мерекесі емес. Бірлік рухы жандана түскен күн. Ерекше сезінетін күн: біз жай ғана қызметкерлер емеспіз – біз командамыз. Біз жұмыс істеуді, демалуды, бір-бірімізге қолдау көрсетуді білеміз. Сол себепті бізде жаңа жылды шабытпен бірге бастауға тамаша себеп бар.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

17 наурыз – Меншикова Надежда Владимировна, ҚДО-ның кезекшісі, 60 жас

19 наурыз – Затворная Людмила Петровна, Сарыкөл ЖӨБ Весе-лый Подол 35/10 ҚС-ның техни-калық қызмет көрсету жөніндегі электромонтері, 60 жас

21 наурыз – Ходяков Сергей Вячеславович, Меңдіқара ЖӨБ тарату құрылғыларының жаб-дықтарын жөндеу жөніндегі электр слесарі, 50 жас

27 наурыз – Жакенов Марал Даутович, 36 м-ге дейін көтерілу биіктігі бар автовышка және АГП машинисі, 60 жас

28 наурыз – Акульшина Оксана Васильевна, Федоровка ЖӨБ Фе-доровка 110/10 ҚС-ның подстан-циясы бойынша қызмет көрсе-тетін электромонтері, 40 жас

28 наурыз – Валиев Рифат Ани-сович, Науырзым учаскесінің 25 м-ге дейін көтерілу биіктігі бар автовышканың және АГП ма-шинисі 55 жас

31 наурыз – Коденко Дмитрий Евгеньевич, жөндеу-өндірістік базасының бастығы, 55 жас

Құрметті әріптестер!

2025 жылдың наурыз айын-да өз ісі мен сүйікті кәсібіне адал еңбек сіңірген лайықты маман-дар мерейтойларын атап өтті.

Сіздерді осы маңызды оқиға-мен шын жүректен құттықтай-мыз!

Әр күн сізге қуаныш, денса-улық, жұмысыңызға қуаныш әкелсін.

Еңбегіңіз, жауапкершілігіңіз және ортақ іске қосқан үлесіңіз үшін рахмет.

Алда әлі талай жетістіктер мен бақытты сәттер көп болсын!

Туған күн құтты болсын!

2 наурыз – Тетерюк Станис-лав Владимирович, Әулікөл учаскесінің ҚС-ның шебері, 40 жас

4 наурыз – Андрейченко Вла-димир Алексеевич, Қарасу ЖӨБ Шығыс ҚС 110/35/10 техникалық қызмет көрсету жөніндегі элек-тромонтері, 50 жас

7 наурыз – Ганиман Виктор Емельянович, жүк көтергішті-гі 3 тоннадан 7 тоннаға дейінгі көлік жүргізушісі – Меңдіқа-

ра ЖӨБ-нің әуе электр желісін жөндеу жөніндегі электромон-тері, 60 жаста

7 наурыз – Мельник Ан-дрей Дмитриевич, Қостанай учаскесінің тарату жабдықта-рын жөндеу жөніндегі электро-монтері, 55 жаста

8 наурыз – Тарасенко Виктор Григорьевич, Қамысты ЖӨБ-нің Адаев 35/10 ҚС-ның техни-калық қызмет көрсету жөніндегі электромонтері, 55 жас

9 наурыз – Бахтамаева Инна Владимировна, Қостанай учаскесінің Мичурин 35/10 ҚС-ның техникалық қызмет көрсе-ту жөніндегі электромонтері, 50 жас

15 наурыз – Прокопенко Алек-сей Алексеевич, Алтынсарин учаскесінің диспетчері, 55 жас

16 наурыз – Руденко Александр Александрович, Сарыкөл ЖӨБ-нің тарату жабдықтарын жөн-деу жөніндегі электромонтері, 30 жас

17 наурыз – Вахитов Руслан Ма-ратович, ОКҚСУ бөлімінің же-текшісі, 30 жас

Құрметті әріптестер!

Корпоративтік газет сіз үшін және сіз туралы жасалады! Егер сізде маңызды жаңалықтар, есте қаларлық күндер, қызықты оқиғалар, идеялар, ұсыныстар немесе жай ғана дана ойлар болса – оларды өзіңізге қалды-рмаңыз! Егер сіздің бөліміңіз-де біреу үйленсе, марапат алса,

ата-әже атанса (немесе үшеуі де бірден) болса, хабарлаңыз! Кәсіби жетістіктер, заттарға қы-зығушылықтар, сирек фотосу-реттер, ұлы адамдардың (немесе бастықтың) дәйексөздері – мұ-ның бәрі басып шығаруға лайық! Жаңалықтар, идеялар, даталар мен ойларыңызды osavenkova@infocom.kz электронды пошта-

ХАБАРЛАНДЫРУ

сына жіберіңіз немесе мына телефон арқылы қоңырау ша-лығыз: 3243; 8(7142)562494; 8(705)4529128 (Whatsapp).

Корпоративтік газет жай ғана стендтегі парақша емес. Бұл хроника! Газетіміздің жарқын, жанды, шынайы болуы үшін бірге атсалысайық!



«Межрегионэнерготранзит» ЖШС-нің корпоративтік газеті

Құрылтайшысы және шығарушысы: «Межрегионэнерготранзит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Шығару жиілігі: ай сайын

Редакцияның мекенжайы: Қостанай қ., Киев көшесі 28

Жауапты редактор: О. А. Савенкова, қазақ тіліне аудармасы – А. М. Байсакалова.

Материалдар ішкі таратуға арналған.

Таралымы: 40 дана.

Кәсіпорынның ішкі құралдарымен басылған.